

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ Басқармасы бекітуі
үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-қа сәйкес
білім беру бағдарламаларын қарастыру» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

28.03.2024 ж.

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ Басқармасы бекітуі үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-қа сәйкес білім беру бағдарламаларын қарастыру» бойынша ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Академиялық комитеттер университеттегі барлық білім беру бағдарламаларын және элективті пәндерінің каталогтарын жаңартты. Барлығы 99 білім беру бағдарламалары, оның ішінде: 51 – ББ бакалавриат, 37 – ББ магистратура, 11 – ББ докторантура.

- Барлық бакалавриаттағы білім беру бағдарламаларына «Қаржылық сауаттылық негіздері», «Жасанды интеллект негіздері» пәндері енгізілді.

- Бекітілген кәсіби стандарттарға сәйкес БББ өзектендірілді.

- 2024 жылы 3 жаңа ББ әзірленді:

1. «7M01102 Оқыту бағдарламаларының дизайны (IP)» – инновациялық бірлескен білім беру бағдарламасы Дүниежүзілік Банктің «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы («30 педагогикалық ББ») шеңберінде әзірленген;

2. «6B08102 Агрономия–ауыл шаруашылық ғылымдары» – қос дипломды ББ (ЖЖОКБҰ серіктесі - Universita' Politecnica delle Marche);

3. «7M01703 Қазақ тілі мен әдебиеті – Филология» қос дипломды ББ (ЖЖОКБҰ серіктесі – Пшасныш қаласындағы Лингвистикалық-техникалық университеті).

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ Басқармасы бекітуі үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-қа сәйкес білім беру бағдарламаларын қарастыру» бойынша ақпаратты талқылай келе, Ғылыми кеңес шешімі:

1. «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ Басқармасының бекітуіне қарастырылған ББ ұсынылсын (жаупты – ББ жаңарту жобалық офисінің басшысы, ББ жетекшілері; 08.04.2024 дейін).

2. ББ бойынша элективті пәндердің каталогтары бекітілсін (жаупты – ББ жаңарту жобалық офисінің басшысы, ББ жетекшілері).

3. ЖЖООК ББ тізіліміне енгізілген ББ жаңартылсын және жаңа ББ енгізілсін (жаупты – ББ жаңарту жобалық офисінің басшысы, ББ жетекшілері; 01.08.2024 дейін).

Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директорына жүктеледі.

Ғылыми Кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Б.Р. Таубаев

Н.К. Байгабатова